

Жарқын бейнесі жадымызда

Сұлтанбек Ысқақұлы Ысқақов – Торғай өңірінің тумасы. Қазақ политехникалық институтын, Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Құрылысшы-инженер, саясаттанушы.

Еңбек жолын Арқалық қаласындағы Торғай боксит-кен басқармасы құрылыс участкесінің прорабы қызметінен бастаған ол кейін қалалық комсомол комитеті жанындағы Бүкілодақтық екпінді құрылыс отрядының штаб бастығы, қалалық партия комитеті, өнеркәсіп-көлік, облыстық партия комитеті құрылыс бөлімдерінің нұсқаушысы болып істейді.

Облыстық партия комитеті құрылыс бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүрген тұста ол арнайы жолдамамен Алматы жоғары партия мектебіне оқуға жіберілді. Оны бітіргеннен кейін Арқалық, Жітіқара қалалық партия комитеттерінің екінші хатшысы, Торғай облыстық атқару комитетінің облыс әкімшілігінің бөлім меңгерушісі, халық депутаттары облыстық мәслихатының хатшысы секілді басшылық жұмыстарда істеп, шеберлігін шыңдады.

Торғай облысы екінші мәрте таратылған тұста Сұлтанбек Ысқақұлы Ақмола қаласына жұмысқа келді. Осында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының бас маманы ретінде 1998 жылы жұмысқа кірісті. Өмірінің соңына дейін қаладағы мемлекеттік мұрағат саласына басшылық жасау ісімен айналысты. 2001 жылдан 2011 жылға дейін Астана қаласы Мұрағаттар және құжаттамалар басқармасын басқарды.

Зейнеткерлікке шығуына байланысты 2011 жылдың наурызында қаладағы Мемлекеттік мұрағатқа директорлық жұмысқа ауыстырылды.

Саналы өмірінің 14 жылын қаладағы мұрағат ісін дамытуға арнаған, бұл салада өз қарым-қабілетін толық таныта білген асыл азамат, білікті басшы Сұлтанбек Ысқақұлы 2012 жылғы қарашаның 7-сінде мезгілсіз көз жұмды. Көптеген өзекті ойлары мен жоспарлары қағаз бетінде қалды. Ажал қармағы оны толық орындап шығуды кешенесіне жазбады.

Оның Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті алдындағы елеулі еңбегі Мәдениет және ақпарат Министрлігінің грамоталарымен, «Республиканың еңбек сіңірген қайраткері» атағымен аталып өтті. «Астанаға – 10 жыл», «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды. Қала әкімінің бірнеше мәрте Алғыс хаттарын иемденді. Артында оның бастамасы бойынша мұрағатта шығарылған түрлі буклеттері мен кітаптары, «Елорда мұрағаттары» хабаршысы секілді өзі бастамашы болған басылым қалды. Соларды оқыған адам оның қалалық мұрағаттың бүгінгі мен ертеңі жөнінде ол жазған толымды ойлар мен тұжырымды пікірлермен жан-жақты таныса алады.

Соңғы бірер жылдың бедерінде Сұлтанбек Ысқақұлы қалалық мұрағаттың материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға да айтарлықтай үлес қосты. Электронды құжат айналымын енгізу мақсатында бұрынғы ескі компьютерлер жүз пайызға жаңартылды. Жаңа үлгідегі сканерлер сатып алынды. Кеңсе мүліктерінің сексен пайызға жуығы соңғы үлгідегі жиһаздармен ауыстырылды. Бөлімдерде қолайлы жұмыс ахуалы орнықты. Жүруінен тұру көп «Жигули» көлігін жаңа «Шкода» автомашинасына алмастырды.

Жаңалыққа жаны үйір жан мұрағатшыларды Ресей Федерациясының Омбы, Түмен, Қазан, Орынбор қалаларының мұрағаттарына жіберіп, Қазақстанға қатысты құнды жәдігерлердің көшірмелерін Мемлекеттік мұрағатқа алғызды.

Ақмолалық жауынгерлердің Ұлы Отан соғысына қосқан үлестерін мәңгі еске қалдыру мақсатында Ресейдің Қорғаныс Министрлігіне қарасты Орталық мұрағаттарымен тығыз әріптестік байланыс орнатты. Соның куәсіндей, мұрағат қызметкерлерінің күшімен «Ақмолалықтар майдан мен тыл шебінде» атты жинақ дүниеге келді. Мұның сыртында халықаралық деңгейде өткен ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары бірнеше мәрте жеке кітап болып, жарық көрді. Жақсының жақсылығын айтқанда осы секілді көз қуанып, көңіл тоятын жарасымды істер еске жиі түседі.

Пендешіліктен аулақ қонып, турашылықты өміріне серік еткен Сұлтанбек Ысқақұлының бейнесі алғы күндерде де өзімен бір сапта еңбек еткен мұрағатшылар жадында ұзақ уақыттар сақталатын болады.

Астана қаласы Мемлекеттік мұрағатының ұжымы